

**«Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 204 бұйрығы**

(2019.25.01. берілген [өзгерістер мен толықтырулармен](#))

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 [бұйрығымен](#) тақырыбы жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [10-бабы 1\) тармақшасына](#) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 [бұйрығымен](#) 1-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

1. Қоса беріліп отырған «Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру» [мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты](#) бекітілсін

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (С. Нюсупов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркеуді](#);

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен соң ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі**

А. Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 15 сәуірдегі
№ 204 [бұйрығымен](#)
бекітілген

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 [бұйрығымен](#) тақырыбы жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

**«Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

ҚР Білім және ғылым министрінің 2019.25.01. № 36 [бұйрығымен](#) 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

1-тарау. Жалпы ережелер

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 [бұйрығымен](#) 1-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

1. «Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті және Министрліктің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық департаменттері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2019.25.01. № 36 бұйрығымен 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) порталда өтініш тіркелген сәттен бастап:

лицензияны және/немесе оған қосымшаны беру - 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияны немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу - 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей;

Заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару, бөліну нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу - 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияның және/немесе оған қосымшаның телнұсқасын беру - 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей.

Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан уәжді түрде бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының [10-тармағында](#) көзделген жағдайда және негіздер бойынша берілген лицензия және/немесе оған қосымша, қайта ресімделген лицензия және/немесе оған қосымша, лицензияның және/немесе оған қосымшаның телнұсқалары не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2019.25.01. № 36 бұйрығымен 7-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде және тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің [554-бабына](#) сәйкес бюджетке жекелеген қызмет түрімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленеді:

1) лицензияны беру кезінде төленетін лицензиялық алым 10 (он) [айлық есептік көрсеткішті](#) (бұдан әрі - АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензиялық алым - төлеу күніне белгіленген 1 (бір) АЕК;

3) лицензияның телнұсқаларын беру үшін лицензиялық алым - төлеу күніне белгіленген 10 (он) АЕК.

Лицензиялық алым төлеу қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар немесе «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

Лицензияға қосымшаны, лицензияға қосымшалардың телнұсқаларын берген кезде, берілген лицензияда және/немесе лицензияға қосымшада қателер табылған және тиісті түзетулер енгізілген жағдайларда лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны берген кезде мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін ақы алынбайды.

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушының жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтінген жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүргізіледі).

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 бұйрығымен (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің 2019.25.01. № 36 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 9-тармақ өзгертілді

9. Порталға көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

«электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төлеуді қоспағанда жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

2) іске асырылатын білім беру оқу бағдарламаларына байланысты қосымша мынадай құжаттар ұсынылады:

бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [1](#), [3](#), [4](#), [5-қосымшаларға](#) сәйкес мәліметтер нысандары;

үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарларының электрондық көшірмелері;

ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [1](#), [3](#), [4](#), [5](#), [6-қосымшаларға](#) сәйкес мәліметтер нысандары;

үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарларының электрондық көшірмелері;

ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [1](#), [2](#), [3](#), [4](#), [5](#), [6](#), [8-қосымшаларға](#) сәйкес мәліметтер нысандары;

техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқытудың толық кезеңін қамтитын мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген, сұратылып отырған мамандықтың оқу жұмыс жоспарының электрондық көшірмелері;

сұратылып отырған мамандыққа немесе біліктілікке сәйкес оқытудың толық кезеңін қамтитын практикадан өткізу базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың электрондық көшірмелері;

ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқытудың толық кезеңін қамтитын мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген сұратылып отырған мамандықтың оқу жұмыс жоспарының электрондық көшірмелері;

сұратылып отырған мамандыққа немесе біліктілікке сәйкес оқытудың толық оқу кезеңін қамтитын практикадан өткізу базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың электрондық көшірмелері;

ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

діни білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;

әзірленген және білім беру ұйымының басшысы бекіткен білім беру бағдарламаларының және оқу жоспарларының электрондық көшірмелері;

діни қызметі саласындағы уәкілетті органдарының оқу әдебиеті қорына берілген дінтану сараптамасының оң қорытындысының электрондық көшірмесі;

ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

діни қызметі саласындағы уәкілетті органдарының қорытынды хатының электрондық көшірмесі;

жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [1](#), [2](#), [3](#), [4](#), [5](#), [6](#), [8](#), [10](#), [13-қосымшаларға](#) сәйкес мәліметтер нысандары;

жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, жұмыс жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық көшірмелері;

оқытудың толық кезеңін қамтитын сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаға сәйкес практикадан өткізу базалары ретінде айқындалған ұйымдармен және стратегиялық әріптестік туралы жасалған шарттардың электрондық көшірмелері;

ғимараттарға (оқу корпусына) және клиникаға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

«магистр» дәрежесін бере отырып жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының және ғылыми ұйымдардың қызметі үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [1](#), [3](#), [4](#), [5](#), [6](#), [9](#), [13](#), [14-қосымшаларға](#) сәйкес мәліметтер нысандары;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау

бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық көшірмелері;

білім беру немесе ғылыми немесе ғылыми-білім беру ұйымдарымен немесе ғылыми-өндірістік орталықтармен оқытудың толық кезеңін қамтитын ынтымақтастық туралы келісімдердің электрондық көшірмелері;

оқытудың толық кезеңін қамтитын Техникалық ерекшеліктер мен Жұмыстардың күнтізбелік жоспарымен қоса ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге арналған ұйымдармен және кәсіпорындармен шарттардың электрондық көшірмелері;

ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

практикадан өткізу базалары ретінде айқындалған, оқытудың толық кезеңін қамтитын оның ішінде ғылыми тағылымдамадан өтетін ұйымдармен шарттардың электрондық көшірмелері;

жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімнің білім беру бағдарламаларын (резидентура) іске асыратын білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметі үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3, 4, 5, 6, 13, 14-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының клиникалық мамандықтар бойынша оқу жұмыс жоспарының электрондық көшірмелері;

практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен және стратегиялық әріптестік туралы жасалған оқытудың кезеңін қамтитын шарттардың электрондық көшірмелері;

ғимараттарға және клиникаға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1, 3, 4, 5, 6, 13, 14-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық көшірмелері;

ғылыми алмасу мәселелерін регламенттейтін келісімдердің электрондық көшірмелері;

ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1, 3, 4, 5, 6, 9, 13, 14-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық көшірмелері;

оқытудың толық кезеңін қамтитын Техникалық ерекшеліктер мен Жұмыстардың күнтізбелік жоспарымен қоса ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге арналған ұйымдармен және кәсіпорындармен шарттардың электрондық көшірмелері;

оқытудың толық кезеңін қамтитын аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен ғылыми алмасу туралы шарттардың электрондық көшірмелері;

сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына сәйкес шетелдік жоғары оқу орнының бағдарламаларын аккредиттеу туралы куәліктің электрондық көшірмелері;

оқытудың толық кезеңін қамтитын сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына сәйкес практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың және шетелдік тағылымдамадан өтуге арналған шарттардың электрондық көшірмелері;

зертханалардың аккредиттеу туралы куәліктерінің электрондық көшірмелері немесе осы зертханалармен жасалған шарттардың электрондық көшірмелері;

плагиатқа тексерудің компьютерлік бағдарламасының бар екенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

3) лицензияға қосымшаларды алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының [9-тармағының 2\) тармақшасында](#) көрсетілген мәліметтер нысаны мен электрондық құжаттар.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын көрсетілетін қызметті алушылар өздері үшін жаңа біліктіліктер бойынша лицензияға қосымшаны алған кезде порталда құжаттарды беру Министрліктің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық білім саласындағы бақылау департаменттерін көрсете отырып, сұратылатын әр біліктілік бойынша жеке жүргізіледі.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын көрсетілетін қызметті алушылар өздері үшін жаңа кадрларды даярлау бағыты бойынша лицензияға қосымшаны алған кезде порталда құжаттарды беру Министрліктің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетін көрсете отырып, сұратылатын әр мамандық бойынша жеке жүргізіледі.

4) лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

«электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төлеуді қоспағанда жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмелері;

5) заңды тұлға-лицензиатты бөлу немесе шығару нысанында қайта ұйымдастыру кезінде онда бар лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының [9-тармағының 2\) тармақшасында](#) көрсетілген мәліметтер нысаны мен электрондық құжаттар қосымша ұсынылады;

6) лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның телнұсқаларын алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

«электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төлеуді қоспағанда жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

Лицензия жоғалған және (немесе) бүлінген кезде порталдағы тиісті ақпараттық жүйелерден ол туралы мәліметтер алу мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана көрсетілетін қызметті алушы лицензия телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге жүгінеді.

Көрсетілетін қызметті беруші заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы, медициналық қызметпен айналысуға лицензия туралы мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі құжаттардың мәліметтерін тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету кезінде егер Қазақстан Республикасының заңдарына өзгеше көзделмесе ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты қолдану үшін көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

10. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;

2) лицензиялық алым енгізілмеуі;

3) өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

4) лицензиардың тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алуы;

5) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;

6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салуы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2019.25.01. № 36 бұйрығымен 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының [12-тармағында](#) көрсетілген мекенжайлар бойынша Министрлік, көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде беріледі.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекенжайы, уақыты көрсетіледі. Шағымда көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Шағымды қабылдаған адамның аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) тіркелуі оның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Портал арқылы шағымды қарау тәртібі туралы ақпаратты осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының [15-тармағында](#) көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны бойынша алуға болады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинеті» арқылы көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отыратын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға өтінішпен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күн ішінде қарауға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының [заңнамасында](#) белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2019.25.01. № 36 бұйрығымен 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттің қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

көрсетілетін қызметті берушінің: www.edu.gov.kz, control.edu.gov.kz;

порталдың: www.egov.kz, www.elicense.kz интернет-ресурстарында орналасқан.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 бұйрығымен 15-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

15. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.edu.gov.kz, control.edu.gov.kz интернет-ресурстарында орналыстырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 бұйрығымен (бұр.ред.қара); 2019.25.01. № 36 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 1-қосымша жаңа редакцияда

«Білім беру қызметімен
айналысуға лицензия беру»
[мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына](#)
1-қосымша

Нысан

Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы)
(_____ жағдай бойынша)

№	Тегі, аты,	Туған	Жоғары	Негізгі	Қосымша	Сотталмағандығы	Санаты,	Дәрігерлік	М
---	------------	-------	--------	---------	---------	-----------------	---------	------------	---

1	2	3	4	5	6	7	8	9	
	әкесінің аты (болған жағдайда)	жылы мен жері	және/немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы мәлімет, мамандығы, диплом бойынша біліктілігі, бітірген жылы	жұмыс орны (ұйымның мекен жайы)	жұмыс орны (қоса атқару)	(сотталғандығы) туралы мәлімет*	берілген күні, санат берілгені туралы бұйрықтың нөмірі*	бақылаудан өткені туралы мәлімет (санитарлық кітаптың болуы)*	дәрі ту ма (мам бе жи

кестенің жалғасы

«Философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы	«Бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» дәрежелері туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы	«Ғылым кандидаты» немесе «Ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы	«Қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы	Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттары мен құрметті атақтары, «Еңбек сіңірген жаттықтырушы» спорттық атақтары немесе жоғары мен бірінші дәрігерлік санаты туралы мәлімет, берілген жылы	Тану/нострификациялау туралы куәліктің болуы туралы мәлімет (бар болған жағдайда)	Оқытпа
11	12	13	14	15	16	1

Білім

беру

ұйымының

басшысы

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(қолы)

Ескертпе* бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 бұйрығымен (бұр.ред.қара);
2019.25.01. № 36 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 2-қосымша жаңа редакцияда

«Білім беру қызметімен
айналысуға лицензия беру»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Нысан

Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы)
(_____ жағдай бойынша)

Р/с №	Кәсіп, кадрларды даярлау бағыты бойынша оқу пәні, қызмет түрі, оқыту және тәрбиелеу бағдарламасының бөлімі	Пәнді оқитын білім алушылардың саны (болжамды жинақталуы)	Оқу әдебиеті (атауы, басылып шыққан жылы, авторлары)	Оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттер (атауы, басылып шыққан жылы, авторлары)*	Саны кемінде 1 дана
1	2	3	4	5	6

Барлығы:

Білім беру ұйымының басшысы

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(қолы)

Ескертпе *техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін толтырылады

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 бұйрығымен 3-қосымша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

«Білім беру қызметімен
айналысуға лицензия беру»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

Нысан

Медициналық қызмет көрсетудің болуы, соның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензия туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы)
(_____ жағдай бойынша)

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Медициналық пункттің алаңы (м ²)	Медициналық қызметке лицензия туралы мәлімет (нөмірі)	Ескертпе
1	2	3	4

Білім беру ұйымының басшысы _____ (Тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда)

(қолы)

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 бұйрығымен 4-қосымша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

«Білім беру қызметімен
айналысуға лицензия беру»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
4-қосымша

Нысан

**Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру
объектісінің болуы туралы мәліметтер**

_____ (білім беру ұйымының атауы)
(_____ жағдай бойынша)

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Тамақтану объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана)	Өткізу қабілеті (отыратын орындар саны)	Тамақтану объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі)	Ескертпе (тамақтану объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)
1	2	3	4	5

Білім беру ұйымының басшысы _____ (Тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда)

(қолы)

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 бұйрығымен 5-қосымша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

«Білім беру қызметімен
айналысуға лицензия беру»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
5-қосымша

Нысан

2	3	4	5	6	7	8
---	---	---	---	---	---	---

Білім беру ұйымының басшысы

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(қолы)

Ескертпе * техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін ақпарат сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша немесе біліктілік бөлінісінде беріледі

7-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2019.25.01. № 36 [бұйрығымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 [бұйрығымен](#) ([бұр.ред.қара](#)); 2019.25.01. № 36 [бұйрығымен](#) ([бұр.ред.қара](#)) 8-қосымша жаңа редакцияда

«Білім беру қызметімен
айналысуға лицензия беру»
[мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына](#)
8-қосымша

Нысан

Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы)
(_____ жағдай бойынша)

Р/с №	Кәсіп, кадрларды даярлау бағыты бойынша оқу пәні	Атауы, жасалған жылы	Авторлары
1	2	3	4

Білім беру ұйымының басшысы

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(қолы)

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 [бұйрығымен](#) ([бұр.ред.қара](#)); 2019.25.01. № 36 [бұйрығымен](#) ([бұр.ред.қара](#)) 9-қосымша жаңа редакцияда

«Білім беру қызметімен
айналысуға лицензия беру»
[мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына](#)
9-қосымша

Нысан

**Лицензияланатын кадрларды даярлау бағытына сәйкес алдыңғы деңгей бойынша
лицензияның болуы туралы мәліметтер**

Р/с №	Бакалавриат кадрларды даярлау бағытының атауы	Лицензияның нөмірі, берілген күні	Магистратура кадрларды даярлау бағытының атауы*	Лицензияның нөмірі, берілген күні
1	2	3	4	5

Білім беру ұйымының басшысы

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдай))

(қолы)

Ескертпе * «Философия докторы (PhD)» және «бейіні бойынша доктор» дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, ақпарат сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бөлінісінде беріледі

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 бұйрығымен 10-қосымша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

«Білім беру қызметімен
айналысуға лицензия беру»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
10-қосымша

Нысан

**Жүргізетін пәннің бейініне сәйкес бес жылда бір рет
кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлаудан
өткені туралы мәліметтер**

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Тақырыптың атауы	Оқыған орны мен кезеңі	Оқыған ұйымның атауы	Сағаттар саны	Аяқталу нысаны
1	2	3	4	5	6	7

Білім беру ұйымының басшысы _____ (Тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда))

(қолы)

11-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2019.25.01. № 36 бұйрығымен алып тасталды (бұр.ред.қара)

12-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2019.25.01. № 36 бұйрығымен алып тасталды (бұр.ред.қара)

*ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 бұйрығымен (бұр.ред.қара);
2019.25.01. № 36 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 13-қосымша жаңа редакцияда*

Нысан

**Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы
көрсетілген
тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын
ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер**

Р/с №	Ғылыми жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Білімі туралы ақпарат («ҒЫЛЫМ кандидаты» және/немесе «ҒЫЛЫМ докторы» ғылыми дәрежесінің және/немесе «бейіні бойынша доктор» және/немесе «философия докторы (PhD)» дәрежесінің болуы туралы мәліметтер, резидентураны бітіргені туралы мәліметтер)	Жұмыс өтілі (ғылыми-педагогикалық, клиникалық)	Жарияланымдар тізбесі			Оқулығы немесе оқу құралының атауы
				отандық мерзімді басылымдарда	шетелдік мерзімді басылымдарда	халықаралық конференция еңбектерінде	
1	2	3	4	5	6	7	8

Білім

беру

ұйымының

басшысы

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(қолы)

*ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 бұйрығымен (бұр.ред.қара);
2019.25.01. № 36 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 14-қосымша жаңа редакцияда*

«Білім беру қызметімен
айналысуға лицензия беру»
МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТЫНА

Мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименталдық базалардың болуы туралы мәліметтер *

Ғылыми-зерттеу институтының, клиникалық базасының, ғылыми зертханасының, техникалық паркінің, бизнес-инкубаторының болуы (қажеттісін таңдау)	Орналасқан мекенжайы	Меншік құқығында немесе шарт негізінде	Ескертпе (базаның қызметі туралы қысқаша ақпарат)
1	2	3	4

Білім

беру

ұйымының

басшысы

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(қолы)

15-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2019.25.01. № 36 [бұйрығымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

16-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.25.03. № 218 [бұйрығымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))